



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

### ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

#### Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы

Осы Заң азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді және әлеуметтік тәуекел жағдайы басталған кезде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысанын құруға байланысты қатынастарды реттейді.

#### 1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

##### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын муліктің тұрған жері бойынша оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) асырауындағылар санының коэффициенті – қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған)



асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің санына қарай айқындалатын коэффициент;

3) асыраушы – өзінің асырауындағы отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерін өз кірісі есебінен асырайтын адам;

4) әлеуметтік аударымдар – әлеуметтік аударымдарды төлеушілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлейтін ақша;

5) әлеуметтік аударымдар бойынша берешек – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде есептелген және төленбеген әлеуметтік аударымдар сомалары, сондай-ақ төленбеген өсімпұл сомалары;

6) әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі – әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объектінің шамасына пайыздық қатынаспен көрсетілген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері;

7) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдарды есептеуді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, жеке практикамен айналысатын адам;

8) әлеуметтік тәуекел – еңбекке қабілеттіліктен айрылуға және (немесе) жұмысынан айрылуға, асыраушысынан айрылуға, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылуға әкеп соқтырған оқиғаның басталуы, соның нәтижесінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы не ол қайтыс болған жағдайда, оның асырауында болған отбасы мүшелері осы Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады;

9) әлеуметтік төлемдер – әлеуметтік төлемді алушының пайдасына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жүзеге асыратын төлемдер;

10) әлеуметтік төлемді алушки (бұдан әрі – алушки) – әлеуметтік тәуекел жағдайы басталғанға дейін өзі үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүргізілген және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры өзіне қатысты әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда – қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері;

11) еңбекке қабілетсіздік күндері санының коэффициенті – жүктілікке және босануға, сондай-ақ жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты берілген еңбекке уақытша қабілетсіздік парагында көрсетілген күндердің санына қарай айқындалатын коэффициент;

12) еңбекке қабілеттіліктен айырылу коэффициенті – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесіне қарай айқындалатын коэффициент;

13) жеке практикамен айналысатын адам – жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор;

14) инвестициялық декларация – Қазақстан Республикасының заңнамасы шенберінде инвестициялау үшін мақсаттарды, стратегияны, объектілер тізбесін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындаитын құжат;

15) инвестициялық кіріс – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған (алынуға жататын) ақша;

16) кірісті ауыстыру коэффициенті – әлеуметтік тәуекел жағдайына қарай айқындалатын коэффициент;

17) қатысу өтілінің коэффициенті – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жалпы қатысу өтіліне қарай айқындалатын коэффициент;

18) қор активтері – осы Занда көзделген мақсаттарға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;

19) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі) – міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

20) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор) – әлеуметтік аударымдарды жинақтауды, асыраушысынан айырылған жағдайда, отбасы мүшелерін – асырауындағыларды қоса алғанда, өздеріне қатысты әлеуметтік тәуекел жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемдерді тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін занды тұлға;

21) міндетті әлеуметтік сақтандыру – осы Занда көзделген әлеуметтік тәуекел жағдайы басталған кезде әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік аударымдар есептелеңін объект ретінде есепке алынған кірістің бір бөлігін өтеу үшін мемлекет үйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы;

22) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі – мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің субъектілері арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

23) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жалпы қатысу өтілі – әлеуметтік аударымдар түскен айлардың жалпы саны;

24) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы – өзі үшін әлеуметтік аударымдар төленетін және осы Занда көзделген әлеуметтік тәуекел жағдайлары басталған кезде әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар жеке тұлға;

25) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің субъектілері – төлеуші; міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы; алушы; Мемлекеттік корпорация; кор; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; уәкілетті орган; міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган; мемлекеттік кіріс органдары; халықты жұмыспен қамту орталығы;

26) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган – мемлекеттік органның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі;

27) уәкілетті орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты, қордың қызметін реттеуді, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

28) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында аудандардың, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын занды тұлға.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғандардан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасымен реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

## **3-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың түрлері**

Міндетті әлеуметтік сақтандыру мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы;
- 2) асыраушысынан айырылу жағдайы;
- 3) жұмысынан айырылу жағдайы;
- 4) жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы;

- 5) жаңа тұған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайы;
- 6) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайы.

#### **4-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі қағидаттары**

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін қолданылатын шараларға мемлекеттің кепілдік беруі;
- 2) осы Занда көзделген шарттарда әлеуметтік аударымдарды төлеудің міндеттілігі;
- 3) қордың активтерін осы Занда белгілеген мақсаттарға пайдалану;
- 4) осы Занда көзделген шарттарда әлеуметтік төлемдердің міндеттілігі;
- 5) әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін саралау;
- 6) міндетті әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың және ұйымдардың қызметіндегі жариялышы.

#### **5-бап. Әлеуметтік төлемдерді алу құқығы**

Мемлекет осы Занда көзделген шарттарда міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік тәуекел жағдайлары басталған кезде азаматтардың әлеуметтік төлемдерді алу құқығына кепілдік береді.

Егер Конституцияда, зандарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, оралмандар әлеуметтік төлемдерді алу құқығын Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең пайдаланады.

#### **6-бап. Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету**

1. Мемлекет қор активтерінің сақталуына және нысаналы пайдаланылуына кепілдік береді.

2. Қор активтерінің сақталуы:

1) қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін тиісті нормалар мен лимиттерді белгілеу жолымен оның қызметін реттеу;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы инвестициялық қызметті жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қор активтерін инвестиациялық басқару жөніндегі барлық операцияларды есепке алу;

4) қордың меншікті қаражаты мен активтерінің бөлек есепке алынуын жүргізу;

5) қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарға шектеулер енгізу;

6) жыл сайынғы аудитті жүргізудің міндептілігі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қордың ұдайы қаржылық есептілігі;

8) қордың активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимитін айқындау;

9) инвестиациялық декларацияда қордың активтерін орналастыру кезінде тәуекелдерді әртараптандыру және азайту жөнінде талаптар белгілеу;

10) осы Заңға сәйкес қордың басшы жұмыскерлеріне қойылатын талаптарды белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

## 7-бап. Міндепті әлеуметтік сақтандыруға жататын тұлғалар

Мыналар:

1) жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар;

2) дара кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары;

3) жеке практикамен айналысатын адамдар;

4) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар;

5) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ оралмандар міндепті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толған адамдар міндепті әлеуметтік сақтандыруға жатпайды.

## 8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндепті әлеуметтік сақтандыру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі міндепті әлеуметтік сақтандыру саласында:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қорды құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдайды;

2) қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілейді;

3) еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін арттыру туралы шешім қабылдайды;

- 4) қордың активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттерін айқындайды;
- 5) қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілейді;
- 6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

#### **9-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті органның құзыреті**

Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) жалпы еңбекке қабілеттілікten айырылу дәрежесін белгілейді;
- 2) қордың әлеуметтік төлемдерді уақтылы және дұрыс тағайындауды бақылауды қамтамасыз етеді;
- 3) Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 4) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышылардың және алушылардың қор мен өзге де мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдарын қарайды.

#### **10-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган:

- 1) қордың қаржылық орнықтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асырады;
- 2) қордың қаржылық және өзге есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін айқындайды;
- 3) қордың басшы жұмыскерлерін тағайындауга (тағайындаудан бастартуға) келісім береді;
- 4) қордың қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ мемлекеттік органдардан және ұйымдардан өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті мәліметтер алуға құқылы;
- 5) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қордың қызметін ішкі бақылауды жүзеге асырады;
- 6) қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді әзірлейді;
- 7) қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттерін әзірлейді;
- 8) қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы ұсыныс әзірлейді;

- 9) қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шамасын жыл сайын, бірақ жылына екі реттен асырмай белгілейді;
- 10) қордың комиссиялық сыйақыны алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 11) әлеуметтік аударымдарды есептеу мен қорға төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 12) әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу (айқындау), қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату және жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 13) еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін арттыру туралы ұсыныс әзірлейді;
- 14) құзыреті шегінде Мемлекеттік корпорацияның қызметін тексеруді жүзеге асырады;
- 15) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы ақпараттық жүйелерді қолдан отыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 16) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 17) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышыларды, олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алушы жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 18) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **11-бап. Мемлекеттік корпорацияның міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы құзыреті**

1. Мемлекеттік корпорация міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:
  - 1) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышыларды, олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алушы;
  - 2) қордың қаражатынан әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру;
  - 3) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы ақпараттық жүйелерді толықтыру және жаңартып отыру;
  - 4) ай сайынғы қажеттілікті, әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру графиктерін қалыптастыру және қорға әлеуметтік төлемдерге қаражаттың қажеттігі туралы өтінімдерді жолдау;
  - 5) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызмет түрлеріне сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышыларға және төлеушілерге әлеуметтік аударымдар мен

әлеуметтік төлемдердің жай-күйі мен қозғалысы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу тәртібі туралы ақпарат беру;

6) Мемлекеттік корпорацияның шотына түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей, қорға төлеушілерден түскен әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды аудару, әлеуметтік төлемдердің және олардан ұстап қалынған міндettі зейнетакы жарналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтару;

7) қордың қаражаты Мемлекеттік корпорацияның шотына түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей, әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын төлеушілерге қайтаруды қамтамасыз ету;

8) мемлекеттік кіріс органына төлеушілердің келіп түскен және қайтарылған әлеуметтік аударымдарының тізілімдерін ұсыну;

9) жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышы үшін төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларын төлеушіге қайтару.

## 2. Мемлекеттік корпорация:

1) әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды;

2) әлеуметтік аударымдардың және олар бойынша өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларының қайтарылуын;

3) әлеуметтік төлемдерді және олардан ұстап қалынған міндettі зейнетакы жарналарын;

4) әлеуметтік төлемдердің және олардан ұстап қалынған міндettі зейнетакы жарналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларының қайтарылуын есепке алу және аудару мәселелері бойынша қормен өзара іс-қимыл жасайды және ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік корпорацияның осы Занда көзделген қызметтерді көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражатын алуға құқығы бар.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация көрсететін қызметтердің бағаларын орталық мемлекеттік органдар арасынан Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырып уәкілетті орган монополияға қарсы органмен және уәкілетті органмен келісі бойынша белгілейді.

## 4. Мемлекеттік корпорация:

1) әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттарды қабылдауды және олардың толықтығын тексеруді жүзеге асыруға, тағайындауға арналған істердің макеттерін қалыптастыруға және оларды қорға беруге;

2) мемлекеттік органдардың және ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуметтік төлемдерді қайта есептеуге, тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға қажетті құжаттарды

қабылдауды және олардың толықтығын тексеруді және оларды қорға беруді жүзеге асыруға;

3) алушыны әлеуметтік төлемдердің артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтару қажеттігі туралы хабардар етуге;

4) міндettі әлеуметтік сақтандыруға жататын және әлеуметтік төлемге құқығы бар адамдарға тендей қызмет көрсету жағдайларын қамтамасыз етуге;

5) алушыларға әлеуметтік төлемдердің уақтылы және толық аударылуын қамтамасыз етуге;

6) қордың шешімі негізінде әлеуметтік төлемді жүзеге асыруға, тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа, әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етуге;

8) міндettі әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша қажетті түсіндімелер беруге;

9) әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған істің электрондық макетін қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңсыз (негізсіз) деп танылған әлеуметтік аударымдардың сомасын есепке алмауға міндettі.

## 12-бап. Міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының және алушының құқықтары мен міндettтері

1. Міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының, ал ол қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда, оның асурауында болған отбасы мүшелерінің және алушының:

1) қорға Мемлекеттік корпорация арқылы еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына (егер өтініш жасау кезінде адамның жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі белгіленген болса), асураушысынан айырылу жағдайына, жұмысынан айырылу жағдайына (егер адам жұмыссыз ретінде тіркелген болса), жүктілікке және босануға, жаңа тұган баланы (балаларды) асурап алуға байланысты, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлемді тағайындау туралы өтініш беруге;

2) жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі алғаш рет белгіленген кезде МӘС бөлімшесіне еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді тағайындау туралы өтініш беруге;

3) жұмыссыз ретінде тіркелген кезде халықты жұмыспен қамту орталығына жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді тағайындау туралы өтініш беруге;

4) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, жұмысынан айырылу жағдайына (жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы мәліметтер болған кезде),

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді тағайындау туралы өтініш беруге;

5) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуына қарамастан, қордан осы Занда көзделген тәртіппен әлеуметтік төлемдерді алуға;

6) төлеушіден, Мемлекеттік корпорациядан, қордан, сондай-ақ «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпаратты тегін сұратуға және алуға;

7) Мемлекеттік корпорациядан және қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты тегін сұратуға және алуға;

8) қордың және осы тармақта көрсетілген өзге мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың осы Занда белгіленген құқықтарды шектеуге байланысты шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға құқығы бар.

2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуши, ал ол қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда, оның асырауында болған отбасы мүшелері және алушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті анық құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуға;

2) әлеуметтік төлемдердің артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтаруды жүргізуғе;

3) әлеуметтік төлемдерді алу кезеңінде Мемлекеттік корпорацияны қордың әлеуметтік төлемдер жөніндегі міндеттемелерінің орындалуына әсер ететін барлық өзгерістер туралы, осындай өзгерістер туындаған күннен бастап қүнтізбелік он күн ішінде хабардар етуге міндетті.

### 13-бап. Төлеушінің құқықтары мен міндеттері

#### 1. Төлеушінің:

1) әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын уәкілетті орган айқындастын тәртіппен қайтарып алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік корпорациядан әлеуметтік аударымдардың және (немесе) олар бойынша өсімпұлдың төленген сомалары туралы қажетті ақпаратты тегін сұратуға және алуға;

3) осы Занға сәйкес басқа да құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

#### 2. Төлеуші:

1) әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды уақтылы және толық көлемде төлеуге;

2) корға төленетін әлеуметтік аударымдардың сомаларын есептеу мен қайта есептеуді, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар уақтылы және (немесе) толық төленбеген жағдайда, өсімпұл есептеуді өзі дербес жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салықтық есептілікті ұсынуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір жұмыскер бойынша есептелген және төленген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдың сомаларын бастапқы есепке алуды жүргізуге;

5) жұмыскерге тиісті кезеңде тиесілі болған жалакының құрамдас бөліктері туралы ай сайын хабарлай отырып, оған қорға төленген әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары туралы мәліметтер ұсынуға;

6) қордың ұрау салуы бойынша, әлеуметтік төлем тағайындауға қажетті ақпарат беруге;

7) мемлекеттік кіріс органдарының талап етуі бойынша осы Заңның 17-бабында белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өздерінің пайдасына өндіріп алынатын міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімін ұсынуға міндettі.

## **2-тарау. ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАР**

### **14-бап. Әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемесі**

1. Төлеушілердің міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін және (немесе) өз пайдасына қорға төлеуіне жататын әлеуметтік аударымдары әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объектінің 3,5 пайзызы, 2025 жылғы 1 қантардан бастап – әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объектінің 5 пайзызы мөлшерінде белгіленеді.

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өз пайдасына өздері төлейтін әлеуметтік аударымдардың мөлшері әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объектінің 20 пайзызын құрайды.

### **15-бап. Әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объект**

1. Қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, жұмыскерлерге, сондай-ақ акы төленетін өзге жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдарға еңбекке акы төлеу ретіндегі кірістер түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстары олар үшін әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объект болып табылады.

Бұл ретте жұмыс берушінің шығыстарына әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай жабдықталымы кіреді.

2. Жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтары үшін мыналар:

өзі үшін – алатын кірісінің өз пайдасына әлеуметтік аударымдарды есептеу мақсаттары үшін өздері дербес айқындайтын, бірақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен артық емес сомасы;

жалдамалы жұмыскерлер үшін – қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, жұмыскерге енбекке ақы төлеу ретіндегі кірістер түрінде төленетін шығыстар әлеуметтік аударымдар есептелетін объект болып табылады.

3. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада – айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшері және басқа елді мекендерде айлық есептік көрсеткіштің 0,5 еселенген мөлшері «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін объектілер болып табылады.

Бұл ретте республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш мөлшері қолданылады.

4. Қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ оралмандарға енбекке ақы төлеу ретіндегі кірістер түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстары олар үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін объект болып табылады.

5. Бір төлеушіден түсетін әлеуметтік аударымдар есептелетін ай сайынғы объект тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін объект республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақы мөлшерінен кем болған жағдайда, онда әлеуметтік аударымдар ең төмен жалақы мөлшері негізге алына отырып есептеледі, төленеді.

6. Қорға әлеуметтік аударымдар:

1) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабының 2-тармағында белгіленген;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 9), 10), 12), 14) тармақшаларында, 17) тармақшасының алтыншы абзацында, 21) және 50) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабының 1-тармағында белгіленген кірістерден төленбейді.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде жұмыскердің салық салынатын кірісіне «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 49) тармақшасында көрсетілген түзетулер қолданылмайды;

3) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 484-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген кірістерден төленбейді.

#### 16-бап. Әлеуметтік аударымдарды төлеу

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, төлеуші әлеуметтік аударымдарды қорға ай сайын, әлеуметтік аударымдар төленетін айды көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияның банктік шоты арқылы төлемдерді жүзеге асыру жолымен, есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей төлейді.

2. Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары, оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген мерзімдерде әлеуметтік аударымдардың сомаларын төлейді.

3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тәртіппен әлеуметтік аударымдарды төлейді.

4. Банктен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан әлеуметтік аударымдар сомасына төлем тапсырмасының акцептін алған күн – қолма-қол ақшасыз нысанда, төлеушінің банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға әлеуметтік аударымдарды енгізген күні қолма-қол ақша нысанында жүзеге асырылатын әлеуметтік аударымдарды төлеу күні болып есептеледі.

5. Әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төленеді.

6. Әлеуметтік аударымдардың және (немесе) осы Заңының 17-бабының 1-тармағына сәйкес есепке жазылған өсімпүлдің толық және уақтылы төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

#### **17-бап. Төлеушінің әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін жауаптылығы**

1. Әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық көлемде төленбеген сомаларын мемлекеттік кіріс органдары мерзімі өткен әрбір күн үшін (қорға төлеу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген ресми мөлшерлемесі мөлшерінде есепке жазылған өсімпүлмен бірге өндіріп алады немесе төлеуші оларды қордың шотына аударуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары немесе орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеушіде әлеуметтік аударымдар бойынша берешек түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік кіріс органдары төлеушіге әлеуметтік аударымдар бойынша берешек сомасы туралы хабарлама жібереді.

Хабарламаның нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітеді.

3. Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелмеген жағдайда, мемлекеттік кіріс органдары:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған төлеушіге хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткен соң – осы төлеушінің;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеушіге хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң осы төлеушінің банктік шоттары мен кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Мемлекеттік кіріс органдарының өкімі бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төлеушілердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға және міндетті зейнетакы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды, салықтық берешекті және кедендік төлемдер, салықтар бойынша берешекті және өсімпүлді аударуға қатысты нұсқауларды орындауға міндетті.

Мемлекеттік кіріс органдының касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі төлеушінің түсетін қолма-қол ақшаны түскен күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей қорға аудару жолымен бұлжытпай орындаудына жатады.

Төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекітеді.

4. Мемлекеттік кіріс органдының төлеушінің банктік шоттары мен кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдерінің күшін осындаи өкімдерді шығарған мемлекеттік кіріс органды әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.

5. Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелмеген жағдайда:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған төлеуші өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеуші өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде хабарлама жіберген мемлекеттік кіріс органдына әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өздерінің пайдасына өндіріп алынатын міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімін ұсынады.

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес төлеуші ұсынған міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімі негізінде мемлекеттік кіріс органды тізім алынған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, төлеушінің банктік шоттарынан әлеуметтік аударымдар бойынша берешек сомаларын мәжбүрлі тәртіппен өндіріп алады.

Төлеушілердің банктік шоттарынан әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу төлеуші ұсынған міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімі қоса беріле отырып, мемлекеттік кіріс органдының инкассолық өкімі негізінде жүргізіледі.

Банктік шотта (шоттарда) клиентке қойылатын барлық талапты қанағаттандыру үшін ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, банк Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен клиенттің ақшасын алып қоюды жүргізеді.

Төлеушінің ұлттық валютадағы банктік шотында ақша болмаған жағдайда, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кіріс органдары ұлттық валютада ұсынған инкассолық өкімдер негізінде төлеушінің шетел валютасындағы банктік шоттарынан жүргізіледі.

7. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар әлеуметтік аударымдардың сомалары төлеушілердің

банктік шоттарынан есептен шығарылған күні осы сомаларды Мемлекеттік корпорация арқылы қорға аударуға міндetti.

8. Мемлекеттік кіріс органдары төлеушінің сәйкестендіру нөмірін, басшысының тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және әлеуметтік аударымдар бойынша берешек сомасын көрсете отырып, әлеуметтік аударымдар бойынша туындаған күнінен бастап алты айдан астам мерзімде өтелмеген берешегі бар төлеушілердің тізімдерін жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

**18-бап. Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды  
және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы  
және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды қайтару**

1. Төлеуші артық (қате) төлеген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомалары уәкілетті орган айқындастын тәртіппен, Мемлекеттік корпорацияның қор қаражаты түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей төлеушіге кейіннен аударуы үшін төлеушінің өтініші қорға келіп түскен күннен бастап банктік жеті күн ішінде Мемлекеттік корпорацияның банктік шотына аударылуға жатады.

2. Әлеуметтік төлемді тағайындау үшін есепке алынған кезеңге есептелген, төлеуші артық (қате) төлеген әлеуметтік аударымдардың сомалары қайтарылуға жатпайды.

**3-тaraу. ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР**

**19-бап. Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш жасау  
және әлеуметтік төлемдерді тағайындауға арналған  
құжаттарды қараудың мерзімдері**

1. Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш жасау осы Заңының 12-бабының 1-тармағында көзделген тиісті мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатпен қоса уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өтініш беру жолымен жүзеге асырылады. Өтінішке тізбесін уәкілетті орган айқындастын құжаттар қоса беріледі.

Әлеуметтік төлемдерді «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындаған кезде оларды тағайындау туралы өтініш ұсыну талап етілмейді.

2. Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар ақпараттық жүйелерде сұрау салынған мәліметтердің жоқ екенін раставтын электрондық құжаттарды

ұсынған кезде, сұрау салуды жүзеге асырған мемлекеттік орган немесе ұйым өтініш берушіні құжаттардың қағаз жеткізгіштердегі тұпнұсқаларын ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

3. Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдер тағайындауға қажетті құжаттар қабылданған күннен бастап немесе проактивті көрсетілетін қызмет арқылы әлеуметтік төлемдерді тағайындауға келісім алынған күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде оларды қорға береді.

4. Қор құжаттар келіп түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде оларды қарайды және әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудан бас тартылған жағдайда, қор өтініш берушіні бас тарту себептері туралы хабардар етеді және ұсынылған құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш берушіге қайтарады.

5. Қордың әлеуметтік төлемдерді тағайындауға, қайта есептеуге, тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға қажетті құжаттардың (мәліметтердің) анықтығына тексеру жүргізуге құқығы бар. Осы мақсаттарда қор мемлекеттік органдарға және тиісті ұйымдарға, төлеушіге және өтініш берушіге сұрау салулар жіберуге құқылы. Бұл ретте өтініш беруші әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы шешім қабылдауда орын алған іркіліс және шешім қабылдаудың ұзартылу, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылу мерзімдері туралы жазбаша және (немесе) электрондық нысандарда хабарлануға тиіс.

6. Келесі өтініш жасау кездерінде әлеуметтік төлемдер осы баптың 3, 4 және 5-тармақтарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тағайындалады.

Қордың шешіміне Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

7. Қордан төленетін әлеуметтік төлемдер қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап тағайындалады.

Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық:

еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына – МӘС бөлімшесі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушиның жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеген күннен бастап;

асыраушысынан айырылу жағдайына – қайтыс болу туралы куәлікте көрсетілген қайтыс болған күннен бастап не соттың азаматты – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушины қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі занды күшіне енген күннен бастап не соттың оны хабарсыз кетті деп тану немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімінде көрсетілген күннен бастап;

жұмысынан айырылу жағдайына – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуши Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заннамасына сәйкес жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап;

жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айрылу жағдайына – жүктілік және босану бойынша демалыс берілген, еңбекке уақытша қабілетсіздік туралы паракта көрсетілген күннен бастап;

жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайына – жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге демалыс берілген, еңбекке уақытша қабілетсіздік туралы паракта көрсетілген күннен бастап;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайына – баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күннен бастап, ата-анасының қамқорлығының қалған бір жасқа дейінгі баланы (балаларды) асырап алған және балаға қорғаншылық тағайындалған жағдайларда – сottың баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімі занды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншы тағайындалған күннен бастап туындайды.

Жұмысынан айрылу жағдайына, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайларына қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындауға, сондай-ақ қын босанған, екі және одан көп бала туған кезде жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айрылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді қайта есептеуге өтініш жасау мерзімдері қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап он екі айдан аспайды.

Асыраушысынан айрылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш жасау мерзімі он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалған адамдарды қоспағанда, әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш жасалған күнге қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған балаларының, оның ішінде асырап алған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) және немерелерінің жиyrма үш жасқа толу мерзімінен аспайды.

8. Өтініш осы Заңың 12-бабының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органда немесе үйымда тіркелген күн немесе әлеуметтік төлемдерді «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындауға келісім алынған күн қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш жасалған күн болып есептеледі.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындау мерзімі қажетті барлық құжаттармен қоса өтініш Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күннен бастап немесе әлеуметтік төлемдерді «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындауға келісім алынған күннен бастап сегіз жұмыс күнінен аспайды.

9. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) қордың кінәсінан уақтылы алынбаған не толық алынбаған әлеуметтік төлемдердің сомасы әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап өткен уақыт үшін мерзімдері шектелмей төленеді.

**20-бап. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем**

1. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш жасалған уақытқа қарай жұмысты тоқтатқанына немесе жалғастырып жатқанына қарамастан тағайындалады.

2. Адамның жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін күэландыру және белгілеу Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес МӘС бөлімшесінің медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуі жолымен жүзеге асырылады.

3. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқық туындаған күннен бастап еңбекке қабілеттіліктен айырылудың белгіленген бүкіл кезеңіне тағайындалады.

Жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі өзгерген жағдайда, әлеуметтік төлем жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі өзгерген күннен бастап жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылудың жаңадан белгіленген дәрежесіне сәйкес келетін мөлшерде жүзеге асырылады. Бұл ретте қор үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияны әлеуметтік төлемдер мөлшерінің өзгергені туралы шығарылған шешім жөнінде хабардар етеді.

4. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік төлемге құқық туындаған күнге республикалық бюджет туралы занда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 55 пайызы шегерілген, әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшерін кірісті ауыстырудың, еңбекке қабілеттіліктен айырылудың және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін

өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы занда белгіленген бір ең тәмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Бұл ретте кірісті ауыстыру коэффициенті 0,6 болады.

Еңбекке қабілеттіліктен айырылу коэффициенті 30 пайыздан 100 пайызға дейін белгіленген жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесіне сәйкес келеді.

Міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін қатысу өтілінің коэффициенті:

алты айдан кем болғанда – 0,1;

алты айдан он екі айға дейін – 0,7;

он екі айдан жиырма төрт айға дейін – 0,75;

жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін – 0,85;

отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін – 0,9;

қырық сегіз айдан алпыс айға дейін – 0,95;

алпыс айдан жетпіс екі айға дейін – 1,0 болады;

алпыс және одан да көп айға – міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілінің әрбір он екі айы үшін 1,0-ге 0,02 қосылып отырады.

## 21-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем

1. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының – міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының асырауында болған мына отбасы мүшелерінің:

1) он сегіз жасқа толмаған және егер он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, осы жастан асқан балаларының, оның ішінде асырап алған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) және немерелерінің асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдерді тағайыннатуға және алуға құқығы бар.

Бұл ретте, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) және немерелерінің, егер олардың еңбекке қабілетті ата-анасы болмаған немесе егер олар ата-анасынан алименттер алмаған жағдайда құқығы бар. Осы тармақшада

көрсетілген, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын немесе білім алған, он сегіз жастан асқан адамдардың окуды бітіретін уақытқа дейін, бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін әлеуметтік төлемдерді тағайыннатуға және алуға құқығы бар;

2) егер қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының үш жасқа толмаған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) немесе немерелерінің күтімімен айналысатын болса, жасына және еңбекке қабілеттілігіне қарамастан, ата-анасының немесе ерлі-зайыптының біреуінің не атасының, әжесінің, аға-інісінің немесе апа-сіңлісінің (қарындасының) асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдерді тағайыннатуға және алуға құқығы бар.

2. Міндетті әлеуметтік сактандыру жүйесіне қатысуышылардың – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тағайындалған әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, айырылып қалған әрбір ата-анаstry үшін асырап алушыға, қорғаншыға төленеді.

3. Бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылған адамдарға әлеуметтік төлемдер мүгедектік белгіленген мерзімге тағайындалады.

4. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдерді тағайыннатуға және алуға құқығы бар отбасының барлық мүшесіне бір әлеуметтік төлем тағайындалады.

5. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшесінің жазбаша өтініші бойынша оның әлеуметтік төлемдегі үлесі бөлінеді және оған бөлек төленеді.

Әлеуметтік төлемдегі үлесін бөлу қорға өтініш жасалған күннен бастап жүргізіледі.

6. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің саны өзгерген жағдайда, қор әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар отбасы мүшелерінің санына қарай тиісінше ұлғайтылады немесе азайтылады.

7. Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік төлемге құқық туындаған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 55 пайзызы шегерілген, әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алғынған кірістің орташа айлық мөлшерін кірісті ауыстырудың, асырауындағылар санының және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелеңін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдер қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелеріне қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасы мүшесінің (мүшелерінің) әлеуметтік төлемдерді алу құқығы сақталатын уақыт кезеңі бойына ай сайын төленіп тұрады.

8. Асырауындағылар санының коэффициенті міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы – асыраушы қайтыс болғанға дейін оның асырауында болған адамдардың санына қарай айқындалады және оның асырауында бір адам болса – 0,5; асырауында екі адам болса – 0,65; асырауында үш адам болса – 0,8; асырауында төрт және одан көп адам болса – 1,0 болады.

Бұл ретте, кірісті ауыстыру коэффициенті мен қатысу өтілінің коэффициенті осы Заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалады.

## 22-бап. Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем

1. Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы Қазақстан Республикасының

халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап тағайындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға қолданылмайды.

2. Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшерін кірісті ауыстырудың және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелеңтін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырma төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырma төртке бөлу жолымен айқындалады.

Кірісті ауыстыру коэффициенті 0,4 болады, ал қатысу өтілінің коэффициенті осы Заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалады.

3. Міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдер:

ол үшін алты айдан он екі айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – бір айға;

ол үшін он екі айдан жиырma төрт айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – екі айға;

ол үшін жиырma төрт айдан отыз алты айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – үш айға;

ол үшін отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – төрт айға;

ол үшін қырық сегіз айдан алпыс айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – бес айға;

ол үшін алпыс және одан көп айға әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – алты айға тағайындалады.

4. Келесі өтініш жасау кезінде жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем жұмысынан айырылу жағдайына арналған, бұрын алып келген әлеуметтік төлемнің әрбір айы үшін міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жалпы қатысу өтілінен он екі айдың шегерілетіні негізге алына отырып тағайындалады.

5. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыссызды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары шенберінде әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмыстарға және кәсіптік оқытуға жіберген жағдайларда, жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдер тоқтатылмайды.

**23-бап. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем**

1. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышыға тағайындалады.

2. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен берілген еңбекке уақытша қабілетсіздік туралы парапта көрсетілген бүкіл кезеңге тағайындалады.

Байқоныр қаласының міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышылар болып табылатын тұрғындарына жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен берілген немесе Ресей Федерациясының федералдық деңсаулық сақтау ұйымдары мен олардың Байқоныр қаласы аумағында орналасқан бөлімшелері берген еңбекке уақытша қабілетсіздік туралы парап негізінде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңіне тағайындалады.

3. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алған кірістің орташа айлық мөлшерін еңбекке қабілетсіздік күндері санының тиісті коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алған кірістің орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістердің сомасын он екіге бөлу жолымен айқындалады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Еңбекке қабілетсіздік күндері санының коэффициенті жүктілікке және босануға, сондай-ақ жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты еңбекке уақытша қабілетсіздік туралы парап берілген күндер санын күнтізбелік отыз күнге бөлу жолымен айқындалады.

4. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа, егер бұл еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем сомасын шегергенде орташа жалақысын сақтай отырып ақы төлейді.

#### **24-бап. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем**

1. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем балаға (балаларға) күтімді жүзеге асыратын және қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышыға тағайындалады.

Бұл ретте, егер балаға күтімді міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің бірнеше қатысуышы жүзеге асыратын болса, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем көрсетілген адамдардың біреуіне ғана тағайындалады.

2. Екі және одан көп бала туған кезде, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем әр балаға жеке-жеке тағайындалады.

3. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап ол бір жасқа толған күнді қоса алғанда тағайындалады.

Бір жасқа толмаған бала қайтыс болған жағдайда, әлеуметтік төлемдер қайтыс болған айды қоса алғанда төленеді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бір жасқа дейінгі баланы (балаларды) асырап алған және балаға қорғаншылық тағайындалған жағдайларда, әлеуметтік төлем сottың баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншы тағайындалған күннен бастап бала бір жасқа толған күнді қоса алғанда тағайындалады.

4. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайына арналған ай сайынғы әлеуметтік төлемдер әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшерін кірісті ауыстыру коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар есептелетін объект ретінде есепке алынған кірістің орташа айлық мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған айдың алдындағы соғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін өзінен әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады.

Сол бір кезең үшін жұмыс берушіден және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар келіп түскен жағдайда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемді есептеу кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғаның кірісі қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс деңгейінде қабылданады.

Кірісті ауыстыру коэффициенті 0,4 болады.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің мөлшері осы Заңының 26-бабына сәйкес ұстап қалуға жататын міндетті зейнетакы жарналары қосымша есептеле отырып, «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес баланың туу кезектілігіне қарай белгіленген, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерінен кем болмайды.

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері әлеуметтік төлемге құқық туындаған қунге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалакының 7 еселенген мөлшерінің 40 пайзынан аспауға тиіс.

5. Алушы қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқықтарынан айрылыған немесе ата-ана құқықтары шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген жағдайларда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылуы жағдайына арналған әлеуметтік төлем баланы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттар негізінде мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне белгілеу жағдайларын қоспағанда, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімін жүзеге асыратын адамға жүргізіледі.

#### 25-бап. Әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру тәртібі

Әлеуметтік төлемдер ағымдағы ай үшін алушының банктік шоттарына аудару жолымен Мемлекеттік корпорация арқылы жүргізіледі.

#### 26-бап. Әлеуметтік төлемдерден ұстап қалу

1. Еңбекке қабілеттіліктен айрылу және (немесе) жұмысынан айрылу жағдайларына, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлемдерден Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес міндегі зейнетақы жарналары ұстап қалынады және бірынғай жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.

2. Алушының өтініші негізінде ұстап қалу жүргізілетін артық есепке жатқызылған (төленген) әлеуметтік төлемдердің сомалары жағдайларынан басқа, әлеуметтік төлемдерден ұстап қалу атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жүргізілуі мүмкін.

Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлемдерден атқарушылық іс жүргізу тәртібімен ұстап қалу жүргізілмейді.

3. Әлеуметтік төлемдерден ұстап қалу төленуге тиесілі сомадан жүргізіледі.

4. Еңбекке қабілеттіліктен айрылу және асыраушысынан айрылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлемдерден төленуге тиесілі соманың 25 пайзынан асырып ұстап қалуға болмайды.

## 27-бап. Әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру және қайта бастау

### 1. Әлеуметтік төлем:

- 1) алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткені туралы;
- 2) алушының бас бостандығынан айыру түрінде сот тағайындаған қылмыстық жазаны өтеп жатқаны туралы;
- 3) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, оралман куәлігінің қолданылу мерзімінің өткені туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған;
- 4) іздестірудегі адамдарды хабарсыз кеткен деп тану фактісінің анықталуы туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға рұқсат алғанға дейін алушының Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту немесе одан шығу фактілерінің анықталуы туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады.

2. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ алушының еңбекке қабілеттіліктен айырылуының белгіленген кезеңі аяқталған күннен бастап еңбекке қабілеттіліктен айырылудың кезекті кезеңі белгіленгенге дейін тоқтатыла тұрады.

3. Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ:

- 1) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылған адамдарға мүгедектік белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап қайта куәландырылғанға дейін;
- 2) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйімі берген, қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасы мүшелерінің құндізгі оку нысаны бойынша оқушылар немесе студенттер болып табылатыны туралы анықтаманың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап тоқтатыла тұрады.

4. Әлеуметтік төлем әлеуметтік төлемнің тоқтатыла тұруын туғызған мән-жайлардың аяқталғанын растайтын құжаттардың және (немесе) ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтердің негізінде қайта басталады.

## 28-бап. Әлеуметтік төлемдерді тоқтату

### 1. Әлеуметтік төлем:

- 1) алушының қайтыс болуына (соттың хабарсыз кетті деп тануына немесе қайтыс болды деп жариялауына) байланысты тоқтатылады. Бұл ретте

әлеуметтік төлем алушы қайтыс болған айды қоса алғанда (соттың хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі занды қүшіне енген күннен бастап) жүзеге асырылады;

2) алушының әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған, анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте әлеуметтік төлем тағайындалған күннен бастап тоқтатылады;

3) алушының әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш беруіне байланысты тоқтатылады. Бұл ретте әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күннен бастап тоқтатылады.

2. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ:

1) алушы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толған;

2) МӘС бөлімшесі алушыны еңбекке қабілетті деп тану туралы шешім шығарған күннен бастап тоқтатылады.

3. Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ:

1) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем қайтыс болған айды қоса алғанда жүзеге асырылады;

2) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адамның мүгедектігі белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап;

3) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адам (он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болған адамдарды қоспағанда) – он сегіз жасқа, ал көрсетілген адам жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарында күндізгі оку нысаны бойынша оқып жатқан жағдайда жиырма үш жасқа толған күннен бастап;

4) он сегіз жастан асқан алушының (асырауындағының) білім беру үйымынан окудан шығарылуына немесе оны сырттай оку нысанына ауыстыруға байланысты тоқтатылады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем алушының (асырауындағының) окудан шығарылғаны немесе сырттай оку нысанына ауысқаны туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер алынған айдан кейінгі айдың бірінші күннен бастап тоқтатылады.

4. Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ:

1) алушы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толған күннен бастап;

2) алушы халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде есептен шығарылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

5. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ:

1) бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң;

2) бала (балалар) мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне белгіленген ай өткен соң;

3) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда, ата-ана ата-ана құқықтарынан айрылған немесе олардың ата-ана құқықтары шектелген, асырап алу туралы шешімдер жарамсыз деп танылған немесе олардың күші жойылған, қорғаныштар өз міндеттерін орындаудан босатылған немесе шеттетілген ай өткен соң тоқтатылады.

#### 4-тaraу. ҚОРДЫҢ ЖҰМЫС ИСТЕУ ТӘРТІБІ

##### 29-бап. Қордың мәртебесі

1. Қор құрылтайшысы мен жалғыз акционері мемлекет болып табылатын, акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

##### 30-бап. Қордың басшы жұмыскерлеріне қойылатын талаптар

1. Атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарлары, бас бухгалтер қордың басшы жұмыскерлері деп танылады.

2. Қордың басшы жұмыскерлеріне мынадай талаптар белгіленеді:

1) атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарлары үшін: білімі – жоғары кәсіптік (заң, қаржылық-экономикалық) білім;

бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызметпен тікелей байланысты басшы лауазымдарда және қаржы нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілі не халықты әлеуметтік қорғау саласында басшы лауазымдарда кемінде алты жыл жұмыс өтілі болуы;

2) бас бухгалтер үшін:

білімі – жоғары кәсіптік (қаржылық, экономикалық) білім;

қаржылық-бухгалтерлік жұмыста кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілі.

3. Мыналар:

1) жоғары кәсіптік білімі және осы баптың 2-тармағында көзделген қызмет салаларында ең аз қажетті жұмыс өтілі жоқ;

2) мінсіз іскерлік беделі жоқ адам қордың басшы жұмыскері болып сайланған (тағайындала) алмайды.

Кәсібілікті, адалдықты, алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығының жоқтығын, оның ішінде соттың өмір бойына қаржы үйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы жұмыскері лауазымын атқару және қаржы үйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылу құқығынан айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы занды күшіне енген шешімінің жоқтығын растайтын фактілердің болуы мінсіз іскерлік бедел болып табылады;

3) бұрын осы адам осы занды тұлғаның бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері лауазымында болған кезеңінде банкрот деп танылған немесе санацияға, консервациялауға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған занды тұлғаның бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған;

4) сыйайлар жемқорлық қылмыс жасаған не сайлану (тағайындалу) күніне дейін үш жыл ішінде сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартылған адам қордың басшы жұмыскері болып сайланған (тағайындала) алмайды.

### 31-бап. Қордың қызметі

Қор өз қызметін қордың комиссиялық сыйақысы есебінен жүзеге асырады.

Комиссиялық сыйақының шамасы жылына екі реттен артық өзгертілмейді.

Қордың комиссиялық сыйақысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен әлеуметтік аударымдардан, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбекені үшін өсімпүлдан, инвестициялық кірістен алғынады.

Қордың меншікті қаражаты қордың жарғылық капиталынан, комиссиялық сыйақыдан қалыптастырылады және солардан тұрады.

Қор мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбекені үшін өсімпүлды, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпүлдың қайтарылуын, сондай-ақ инвестициялық кірісті есепке алуды жүргізу;

2) әлеуметтік төлемдерді және әлеуметтік төлемдердің артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларының қайтарылуын есепке алуды жүргізу;

3) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы ақпараттық жүйені құру және дамыту.

Осы Заңда реттелмеген бөлікте қордың қызметіне Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы қолданылады.

### 32-бап. Қордың құқықтары мен міндеттері

#### 1. Қордың:

- 1) әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды жүзеге асыруға;
- 2) Осы Заңда белгіленген тәртіппен бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына байланысты қызметпен айналысуға;
- 3) міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық және түсіндіру жұмысын жүргізуғе;
- 4) қордың қызметін қамтамасыз етуге қордың активтерінен комиссиялық сыйақы алуға;
- 5) Мемлекеттік корпорациядан ақпарат алуға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің субъектілерінен қорқызметтің қамтамасыз етуге қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар ашуға;
- 8) осы Заңға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

#### 2. Қор:

- 1) Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруы үшін қаражаттың уақтылы аударылуын қамтамасыз етуге;
- 2) әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін есімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын төлеушіге қайтаруды жүзеге асыруға, сондай-ақ әлеуметтік төлемдердің және олардан ұстап қалынған міндетті зейнетақы журналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын Мемлекеттік корпорация арқылы қорға қайтаруды қамтамасыз етуге;
- 3) әлеуметтік төлемді тағайындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зансыз (негіzsіz) деп танылған әлеуметтік аударымдардың сомаларын есепке алмауға;
- 4) қордың уақытша бос қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыруға;
- 5) жылдық қаржылық есептілік аудитінің жүргізуін қамтамасыз етуге;
- 6) үш жылда бір рет міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық орнықтылығын бағалау аудитін қамтамасыз етуге;
- 7) мемлекеттік органдардың және үйымдардың ақпараттық жүйелерінен мәліметтер алған жағдайда, әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату үшін шешімдердің жобаларын қалыптастыруға;
- 8) әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату не тағайындаудан бас тарту туралы шешімдер қабылдауға;
- 9) қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге қажеттілікті есептеу бойынша болжамды деректерді қалыптастыруға;

10) график бойынша әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру үшін Мемлекеттік корпорацияны кун сайын қаржыландыруды жүргізуғе;

11) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу мәселелері бойынша қажетті түсіндірмелер беруге;

12) қордың активтерін есепке алуды жүзеге асыруға арналған бағдарламалық қамтылым түрінде қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне ие болуға, сондай-ақ ақпараттың сақталуын және санкцияланбаған қол жеткізуден қорғалуын қамтамасыз етуге;

13) ақпаратты сактауға арналған резервтік орталыққа ие болуға;

14) ақпараттық жүйелерден алынған, әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің сомалары туралы ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етуге;

15) Мемлекеттік корпорацияға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңсыз (негіzsіz) деп танылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпарат беруге;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

### 3. Қор:

1) қордың активтерін кепілге беруге;

2) осы Заңда көзделмеген кәсіпкерлік және өзге қызметпен айналысуға құқылы емес.

## 33-бап. Қор активтерінің құрылуы

1. Қордың активтері қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны, әлеуметтік төлемдерге және әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын қайтаруға жіберілген қаражатты шегере отырып, әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұл, инвестициялық кіріс, әлеуметтік төлемдердің артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтару және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қорға түсетін өзге де түсімдер есебінен қалыптастырылады.

2. Қордың активтері тек қана мынадай мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін:

1) осы Заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру;

2) тізбесі мен лимиттері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын қаржы құралдарына орналастыру;

3) әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын, сондай-ақ қате есепке жатқызылған өзге де қаражаттың сомаларын қайтару.

3. Қордың активтері:

- 1) кепіл нысанасы болмайды;
- 2) кредиторлардың талабы бойынша өндіріп алынбайды;
- 3) мүлікке тыйым салу немесе езгеше түрде ауыртпалық салу нысанасы болмайды;
- 4) қордың және үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша инкассолық өкіммен өндіріп алынбайды;
- 5) осы Заңның 34-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, сенімгерлік басқаруға берілмейді;
- 6) мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы болмайды.

#### 34-бап. Қордың активтерін басқару тәртібі

1. Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды Экономикалық саясат жөніндегі кеңес макұлдаған инвестициялық декларацияның және қор мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалатын шарттың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған қаржы құралдарының тізбесіне және лимиттеріне сәйкес қордың активтерін орналастыруды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қордың активтерін шоғырландыру және орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операцияларды есепке алуды жүргізеді және жасалған шартқа сәйкес тоқсан сайын қорға шоттардың және қор активтерімен жасалған инвестициялық қызметтің жай-күйі туралы есепті ұсынады.

#### 35-бап. Есепке алу және есептілік

1. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қордың меншікті қаражаты мен активтері бойынша бөлек бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және қаржылық есептілікті ұсынады.

2. Қор бухгалтерлік есепке алуда және есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесі мен олардың сақталу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

### 36-бап. Аудит

1. Қордың аудитін және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық орнықтылығын бағалау аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқықты аудиторлық үйымдар жүргізеді.
2. Аудиторлық есеп коммерциялық құпияны құрамайды.
3. Қордың міндетті жыл сайынғы аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық үйим:

  - 1) қордың меншікті қаражаты;
  - 2) қордың активтері бойынша екі аудиторлық есеп жасайды.

4. Қордың міндетті жыл сайынғы аудиті және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық орнықтылығын бағалау аудиті бойынша шығыстар қордың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

### 5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 37-бап. Дауларды шешу

Осы Занда орындау бойынша қордың, Мемлекеттік корпорацияның, мемлекеттік органдардың, жеке және занда тұлғалардың арасында туындайтын барлық дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### 38-бап. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

#### 39-бап. Өтпелі ережелер

1. Еңбекке қабілеттілікten айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін айқындалған мөлшері 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап көбейтілуін қоса алғанда, жыл сайын көбейтілуі ескеріле отырып, әлеуметтік төлем мөлшерін тағайындау кезінде есепке алынған қатысу өтілі мен еңбекке қабілеттілікten айырылу коэффициенттеріне бөлу және осы Заңға сәйкес көзделген қатысу өтілі мен

еңбекке қабілеттіліктен айырылу коэффициенттеріне көбейту жолымен қайта есептелуге жатады.

2. Асыраушысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін айқындалған мөлшері 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап көбейтілуін қоса алғанда, жыл сайын көбейтілуі ескеріле отырып, әлеуметтік төлем мөлшерін тағайындау кезінде есепке алынған қатысу өтілі мен асырауындағылар саны коэффициенттеріне бөлу және осы Заңға сәйкес көзделген қатысу өтілі мен асырауындағылар саны коэффициенттеріне көбейту жолымен қайта есептелуге жатады.

3. Жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін айқындалған мөлшері әлеуметтік төлем мөлшерін тағайындау кезінде есепке алынған қатысу өтілі мен кірісті ауыстыру коэффициенттеріне бөлу және осы Заңға сәйкес көзделген қатысу өтілі мен кірісті ауыстыру коэффициенттеріне көбейту жолымен қайта есептелуге жатады.

Бұл ретте жұмысынан айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемнің ұзақтығы осы Заңның 22-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленеді.

#### 4. Мыналадың:

1) осы Заңның 1-бабы 7) тармақшасының қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«7) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – осы Заңда белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдарды есептеуді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, жеке практикамен айналысадын адам, сондай-ақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлға;»;

2) осы Заңның 13-бабының 2-тармағы бірінші абзацының қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларды қоспағанда, төлеуші:»;

3) осы Заңның 15-бабының 5-тармағы екінші бөлігінің қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«Егер күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін объект респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының

1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақы мөлшерінен кем болған жағдайда, онда осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, әлеуметтік аударымдар ең төмен жалақы мөлшері негізге алына отырып есептеледі, аударылады.»;

4) осы Заңның 17-бабы 1-тармағының қолданысы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардың төлемдерін қоспағанда, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық көлемде төленбеген сомаларын мемлекеттік кіріс органдары мерзімі өткен әрбір күн үшін (қорға төлеу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген ресми мөлшерлемесі мөлшерінде есепке жазылған өсімпүлмен бірге өндіріп алады немесе төлеуші оларды қордың шотына аударуға тиіс.».

#### 40-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 7-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы, 14-бабының 2-тармағы, 15-бабының 3-тармағы, 16-бабының 3-тармағы, 20-бабы 4-тармағының үшінші және төртінші бөліктері, 21-бабы 7-тармағының үшінші және төртінші бөліктері, 22-бабы 1-тармағының екінші бөлігі, 23-бабы 3-тармағының үшінші және төртінші бөліктері, 24-бабы 4-тармағының үшінші және төртінші бөліктері 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.

3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап «Міндettі әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1, 4-құжаттар; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 12,

36-күжат; № 13, 45-күжат; № 22-III, 109-күжат; 2018 ж., № 7-8, 22-күжат; № 14, 42-күжат; № 22, 83-күжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті  
**Қ. ТОҚАЕВ**



Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 26 желтоқсан

№ 286 -VI ҚРЗ